

МЕЖДУ ПОСТАМИ ЖЕТЫГЕН — КАЗЫБЕК БЕК НАЧИНАЕТСЯ СТРОИТЕЛЬСТВО ДОРОГИ, КОТОРУЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ДАВНО ЖДАЛИ. ЭТА ЛИНИЯ ИМЕЕТ БОЛЬШОЕ ЗНАЧЕНИЕ, ТАК КАК ВНЕСЕТ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ЭКОНОМИКИ, РОСТ И ПРОЦВЕТАНИЕ СТРАНЫ. ДАННЫЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ МАРШРУТ СУЩЕСТВЕННО УВЕЛИЧИТ ТРАНЗИТНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ, ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ И РОССИЕЙ.

Калтай САМБЕТОВ,  
почетный железнодорожник, ветеран отрасли



№97 (2914)  
21/11/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## МІНДЕТ ПЕН МЕЖЕ АЙҚЫН

Мемлекет басшысының халыққа Жолдауындағы тапсырмасына орай Қазақстанды Еуропа мен Азия арасындағы негізгі көліктік транзиттік хабке айналдыру міндеті тұр. Осыған орай жүктелген тапсырмалардың дені теміржол саласына қатысты. Бүгінгі таңда елімізде 16 мың шақырымнан астам теміржол болса, алдағы уақытта соның ұзындығы тағы 1300 км-ге ұзарады.

 **Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Осы мақсатта қазіргі таңда 4 ірі жоба жүзеге асырылуда. Бұл туралы кеше ҚР көлік министрі Марат Қарабаев көлік саласын одан әрі дамытудың және аталған министрлік қүзіретіне кіретін өзекті мәселелер бойынша өткізген баспасөз конференциясында айтты.

Атап айтқанда, бұл жобалар бұған дейін қолға алынған Достық-Мойынты, Жетіген-Қазыбек бек және енді басталатын Дарбаза-Мақтаарал, Бақты-Аякөз темір жолдары. Бұл жобалардың екеуі бойынша бүгінде жұмыстар басталып кетті, қалған екеуі жыл соңына дейін жүзеге асырыла бастайды.

– Бақты-Аягөз жолының құрылысы биыл басталады, жоба қуаттылығы – жылына 20 млн тонна жүк. Ал Дарбаза-Мақтаарал жолы Өзбекстанмен шекарада қосымша 10 млн тонна жүк өткізуге мүмкіндік береді. Осылайша Орта Азия бағытындағы түйісу нүктелері арқылы жүк тасымалын 40 млн тоннаға жеткізу көзделуде, – деді көлік министрі.

Марат Қарабаевтың айтуынша, биылғы 10 айда теміржолмен жүк тасымалдау көлемі 297 млн тоннаны құрады, бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,5%-ға артық. Жыл соңына дейін мұны 300 млн тоннаға жеткізу жоспарланып отыр. Транзиттік тасымал көлемі 20 пайызға өсті. Сонымен қатар қолданыстағы теміржолдарды жөндеу, жаңа локомотивтер мен вагондар сатып алу, станциялар мен вокзал кешендерін жаңғырту жұмыстары жүргізіледі.

– Қытай мен Қазақстан теміржолдары арасындағы екі түйісу нүктесі арқылы жүк тасымалы 28 млн тоннаны құрады. Осы нүктелер бойынша 2024-25 жылдары сол жақта қосымша 20 станциялық жол салу көзделуде. Бұл қосымша 14 млн тонна жүк тасымалдауға мүмкіндік береді. Өзге елдермен де шекаралық өткелдердегі өткізу қабілетін арттыруға күш салынуда. Одан бөлек елдің ішінде жүк тасымалын жақсартуға жаңа вагондар мен локомотивтер алынып жатыр, соның арқасында аталған нүктелердегі жүк тасымалы 56 млн тоннаға дейін жетеді, – деді министр.

Жаңадан құрылған министрлікте су мен теміржол комитеті жасақталғанын тілге тиек еткен министр брифингте елдегі порттардың жағдайына да тоқталып өтті.

– Қазіргі таңда ТХКБ дәлізінің танымалдылығы артып келеді. 2021 жылы осы дәліз арқылы 800 мың тонна жүк тасымалдана, былтыр ол 1,6 млн тоннаға жетті. Биыл 3,5 млн тоннаға жету көзделіп отыр. Жүктер Еуропа мен Азияның арасында тасымалданғанда үш елден өтеді. Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия. Осы үшеуінің арасында бірыңғай бір компания ашылып, ол Астана қаржылық орталығында тіркелетін болып шешілді. Бұл компания бірыңғай логистикалық жағдайды жасап, бірыңғай тариф пен нақты жеткізу мерзімі белгіленетін болады. Егер бұрын жүктерді жеткізу мерзімі 50 күнге созыла, ендігі мақсат соны 15 күнге қысқарту, – деді министр.

Баспасөз конференциясында, сонымен қатар, ведомство басшысы журналистердің көлік саласына қатысты түрлі сауалдарына жауап берді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

### ПАССАЖИРЫ ВЫБИРАЮТ ПОЕЗДА



С начала года свыше 11 миллионов человек стали пассажирами поездов Национального перевозчика.

В январе-октябре 2023 года поездами АО «Пассажирские перевозки» перевезено свыше 11 миллионов пассажиров, в пригородном сообщении – более 1,9 миллиона.

Так, одними из самых популярных маршрутов среди пассажиров стали Караганда – Алматы и Астана – Шымкент – Алматы. По данным направлениям было перевезено 4,5 миллиона пассажиров.

Около полмиллиона пассажиров воспользовались поездами направлением Атырау – Актау. Маршрут, связывающий два крупных города северной части страны Павлодар – Костанай, обслуживает около 590 тысяч пассажиров в год.

Этим летом наблюдается тенденция по увеличению количества пассажиров, планирующих свои поездки внутри Казахстана железнодорожным транспортом. В этот период перевезено 4 миллиона человек или 40% от общего числа пассажиров. Привлекательными маршрутами для пассажиров в летнее время стали направления в сторону Алматы, Актау, Астаны, Туркестана, Шымкента, Балхаша, озера Алаколя.

В 2023 году в направлении озера Алаколь курсировали 11 пассажирских поездов, из них девять – АО «Пассажирские перевозки», два – частных перевозчика. Впервые в этом году для удобства жителей и гостей столицы был организован летний маршрут «Астана – Достык» на комфортабельном поезде Тальго.

На сегодняшний день по Казахстану курсируют 143 поезда, из них 105 принадлежат АО «Пассажирские перевозки», 28 – частным перевозчикам, 10 – иным железнодорожным администрациям. Из этого числа 19 поездов – вагоны «Тальго», остальные – стандартные вагоны.

*Жаслан РАХИМОВ*



**Мақсат МӘМБЕТҚҰЛОВ,**  
Достық станциясының бастығы:

ДОСТЫҚ СТАНЦИЯСЫ – ҚЫТАЙ МЕН ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТТІК ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ НЕГІЗГІ БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ ПУНКТИЕРІНІҢ БІРІ. СОНДЫҚТАН БІЗГЕ СТАНЦИЯНЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ДАМУҒА БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ, СОНДАЙ-АҚ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАНАТЫН ЖАҢА КӨЛЕМДЕРДІ ИГЕРУ СІЯҚТЫ АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР МЕН ОРАСАН ЗОР ЖҮКТЕМЕ ЖҮКТЕЛІП ОТЫР.

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚЫТАЙҒА ТЕМІРЖОЛМЕН АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ БИЫЛ ОН АЙДА

**1 МЛН ТОННАҒА**  
АРТТЫ.

БИЫЛ ЖАМБЫЛ ЖТ БӨЛІМШЕСІНЕ ҚАРАСТЫ «ҚАРАТАУ-ЖАҢАТАС» ТЕЛІМІНДЕГІ

**22 КМ**

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЛАНУДА.

ӨТКЕН ОН АЙ ІШІНДЕ МДҚ АРҚЫЛЫ

**255 мың км**

ЖОЛ ДИАГНОСТИКАДАН ӨТКІЗІЛДІ.

## Совещание

### КЛЮЧЕВЫЕ ВОПРОСЫ

Вопросы дальнейшего развития транспортно-транзитного потенциала республики и деятельности АО «НК «ҚТЖ» рассмотрены на заседании Правительства.

 **Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

В ходе совещания было отмечено, что за 10 месяцев текущего года объем перевозок грузов составил 297 миллионов тонн – на 3,5% больше, чем за аналогичный период прошлого года. До конца года планируется достичь показателя в 300 миллионов тонн.

В ближайшие годы также запланировано строительство свыше 1300 километров железных дорог, что значительно увеличит транзитный потенциал Казахстана. В частности, это линии Достык – Мойынты, Бахты – Аягөз, Дарбаза – Мақтаарал и обводная вокруг Алматы.

Параллельно с этим будет проводиться работа по ремонту действующих железных дорог, приобретению новых локомотивов и вагонов, модернизации станций и вокзалных комплексов.

Премьер-министр РК Аликхан Смаилов подчеркнул, что АО «НК «ҚТЖ» нужно оперативно разобрать все поступающие жалобы со стороны отечественных товаропроизводителей и совместно с Министерством транспорта выработать действенные меры по устранению узких мест при грузоперевозках.

Премьер-министр напомнил, что Глава государства поставил четкую задачу по доведению доли транспортной отрасли

в ВВП до 9%. Поэтому требуется убрать все сдерживающие факторы развития транспортного и транзитного потенциала республики.

– Одним из главных барьеров отрасли являются затяжные административные процедуры на границе и в аэропортах. Здесь мы тоже должны поработать. У нас есть договоренности с соседними странами по интеграции информационных систем с тем, чтобы мы выстроили одну логистическую цепочку по всему Среднему коридору, – отметил Аликхан Смаилов.

В заключение он поручил принять меры по обеспечению строительства паромов на Каспии с 2024 года, проработать вопросы регулирования стратегических подъездных путей, рассмотреть вопрос создания Института развития транспорта и логистики, обеспечить резервирование земель под инфраструктурные автодорожные и железнодорожные проекты и т.д.

## СТРЕМЛЕНИЕ К НУЛЕВОМУ ТРАВМАТИЗМУ

Сертификаты доверия в области безопасности и охраны труда вручили руководителям 15 структурных подразделений АО «НК «ҚТЖ».

 **Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Астана

Награду за нулевой травматизм получили коллективы станций, вокзалов и пожарных поездов, которые работают без единого несчастного случая на производстве в течение 7, 10 и 15 лет. Основанием для этого стали результаты их работы по обеспечению безопасных условий труда, технологической и исполнительской дисциплины, соблюдению законодательства в сфере охраны труда в 2023 году.

Сертификаты доверия первого

класса вручены коллективам станции Тюлькүбас, вокзала станции Сексеул, восстановительного поезда станции Айтеке и пожарного поезда станции Сарышаған.

Сертификаты доверия второго класса получили работники станции Сарыөзек, оборотного локомотивного депо Узынь, Алматинского участка филиала «Экспресс», Биришогырской дистанции пути, Жанааркинской дистанции сигнализации и связи и вокзала Алматы-2.



Сертификатом доверия третьего класса награждены станция Тайынша, Атырауского участка регионального филиала по пассажирским перевозкам «Западный», пожарного поезда станции Актобе, линейно-эксплуатационного подразделения по хозяйству электрификации и энергетики Илецкого желез-

нодорожного участка и порта Курык.

Данная награда вручается за работу без производственного травматизма и освобождает от очередной плановой проверки, проводимой Инспекцией по безопасности труда и экологии КТЖ.

*Фото автора*

### ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА ДАЙЫН



Мемлекет басшысының Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін дамыту туралы тапсырмасына сәйкес көлік саласында жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда. Осыған орай республиканың көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін шешуге шетелдік компаниялар да белсенді араласып отыр.

Атап айтқанда, Түркиялық конгломераттық компания Albayrak Group Каспийдегі теңіз портының инфрақұрылымын жаңғыртуға инвестиция салуға дайын. Холдинг жүктерді үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етуге және Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалдау көлемін ұлғайтуға қызығушылық танытады.

Global DTC (синапурлық PSA-ға тиесілі) және KPMG (PSA және «Қазақстан темір жолы» ҰК) АҚ бірлескен кәсіпорны компанияларының басшылығы Азия мен Еуропа арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша транзит пен сауданы дамытуға қатысты мәселелерді шешуге мүдделі. 2022 жылғы тамызда «ҚТЖ» мен PSA арасында ТХКБ мен цифрлық сауда дәлізін дамыту саласындағы ынтымақтастықты көздейтін меморандумға қол қойылған болатын.

Ал Австриядағы тәуелсіз жүк тасымалдау компаниясы Rail Cargo Group ТХКМ қауымдастығына кіру және Қазақстанда өкілдік ашу мүмкіндіктерін қарастыруда. Қазіргі уақытта Rail Cargo Транскаспий халықаралық көлік бағдарына баса назар аударып отыр.

Бүгінде Қазақстанның сенімді континенттік транзиттік хаб ретіндегі рөлін нығайту міндеті тұр. 2022 жылдың қараша айында Әзербайжан, Грузия және Түркиямен бірлесіп «тар жерлерді» синхронды түрде жою жөніндегі Жол картасына қол қойылды. Нәтижесінде 2027 жылға қарай ТХКБ өткізу қабілетін жылына 6 млн тоннадан 10 млн тоннаға дейін ұлғайту және жеткізу мерзімін 14-18 күнге дейін қысқарту жоспарланып отыр.

*Ұлан ОРАЗ*



КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Ұлан ОРАЗ,  
Астана



ФОРУМ

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев бастаған қазақстандық делегация Мәскеу қаласында көлік апталығы шеңберінде өткен халықаралық форумға қатысып, Қазақстан мен Ресейдің көлік министрлері келіссөз жүргізді.

Делегация құрамына «Қазақстан темір жолы», «ҚазАвтоЖол», «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компанияларының, «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ, «Atasu group» ЖШС, РТС Holding және басқа да жеке компаниялардың өкілдері кірді. Форум аясында Қазақстандық делегация пленарлық сессияға, сонымен бірге тақырыптық көрмеге қатысты. Сапар барысында делегация басшысы Ресейдің Көлік министрі Виталий Савельевпен келіссөз жүргізіп, кездесуге Ресей тарапынан «Росавиация», «Ресей темір жолдары» және «Аэрофлот», басшылары қатысты. Келіссөзде саладағы проблемалық мәселелер, өзара тиімді іс-қимылды тереңдету перспективалары, сондай-ақ биыл сәуір айында қол қойылған көлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жол картасында қарастырылған іс-шаралардың іске асырылу барысы талқыланды.

Тараптар «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік бағытын дамыту және Қазақстан-Ресей шекарасындағы өткізу пункттерін жаңғырту, сондай-ақ «Бакты-Аягөз» жаңа теміржол желісін салу және басқа да өзекті мәселелерді қарастырды. Тараптар теміржол және автомобиль көлігі, логистика және авиация саласындағы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ АЗАЙМАЙ ТҮР

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе



ҚАУІПСІЗДІК

Стратегиялық аймақтарда бөгде адамдардың жүруі мен жолға мал шығып кету жайттары азаймай тұр. Теміржолдың тәртіп сақшылары осылай дабыл қақты.



Ақтөбе станциясында қауіпсіздік акциясын өткізген көліктегі полицейлердің мәліметінше, жолға шыққан мал мен жанның кесірінен аймақта жыл басынан бері жолаушы және жүк пойыздары 49 рет жедел тежегіш беріп, шұғыл тоқтауға мәжбүр болған. 20 жағдайда адамдардың теміржолды белгіленбеген жерден өтуі себеп болса, 29 дерек теміржолға мал шығып кетуінен болған.

Теміржолшылар мен желілік полиция бөлімінің қызметкерлері акция барысында мектептер мен колледждерге барып, өткелдерде өте сақ болуды ескертіп, құлаққаппен жүрудің қауіпті екенін түрлі мысалдармен жеткізді. Сонымен қатар теміржолға жақын орналасқан тұрғындармен жиын өткізіп, профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Жолаушыларға теміржол көлік объектілерінде бейнероликтер көрсетіліп, ақпараттық парақшалар таратылды. Акцияның мақсаты – темір жол бойында жаракымалы құрам қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жарақаттану фактілерінің алдын алу», – деді Ақтөбе ЖПБ-нің баспасөз қызметкері Роза Төлегенқызы.

Суретті түсірген автор

ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ ТІРКЕЛДІ

Семейлік теміржолшылар биылғы жылу маусымында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын көмірмен қамтамасыз етуде жоспарлы шараларды толығымен орындады. Бұл орайда күллі республика бойынша ең жоғары көрсеткіш ел шығысында тіркелді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Қазіргі таңда жергілікті теміржолшылар аймақтағы қатты отынға деген сұранысты 90 пайызға дейін толығымен өтеді. Соның ішінде әлеуметтік аз қамтылған санаттағы тұрғындарға көмір жеткізу ісі жоспар бойынша 50 пайызды көрсетіп отыр. Бұл еліміздегі жоғары көрсеткіш саналады. Оған қол жеткізуге бірден бір себеп – жазғы мезгілдегі арнайы құрылған штаб қызметінің нәтижесі.

– Штаб жұмысының негізгі мақсаты мамыр айынан бастап қолға алынған коммуналдық-тұрмыстық бағыттағы көмір тасымалын ширату болатын. Бұл ретте көмірдің жалпы көлемінің 50 пайызы жазғы мезгілдің өзінде-ақ тасымалданып жеткізілді. Қоймалар мен теміржол түйіктері күзгі мезгілде қатты отынмен толық қамтылды, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесі бастығының логистика бойынша орынбасары Талғат Зияданов.

Теміржолшылардың бұл еңбегі аймақтағы көмір бағасына да тікелей әсер етіп, биыл қатты отын бағасы көтерілген жоқ. Тіпті шалғай ауылдардың өзінде де арзан бағадағы көмірге кезексіз қол жеткізу оңайға түсіп отыр. Оның үстіне биылғы жылы «Қаражыра» кенішінен жұртшылық «орех» атап кеткен, қызуы аса жоғары, сұрыпталған, кесектері ірі,



сапалы көмір көбірек босатылып, Семей, Өскемен, Аягөз станцияларының түйіктеріне дер кезінде жеткізілді.

Жалпы, семейлік теміржолшылар биылғы қатты отын тасымалына көптеген жаңашылдықтар енгізген болатын. Мәселен, бөлімше басшылығы арнайы қауырт желі жұмысын жолға қойды. Жылу орталықтары мен қазандықтар, көмір саудалаушы серіктестіктер мен ұйымдар тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейтін Колл-Орталыққа хабарласып, өтініш пен ұсыныс немесе шағым түсіруге мүмкіндік алды. Мұның сыртында барлық клиенттер бөлімше басшысының WhatsApp нөміріне арыз-шағым жазып, тіпті дәлел ретінде фото-бейне жазбалар да жолдауға болады. Соның арқасында көмір жеткізу мәселесінде логистика саласы мамандары тарапынан нақты шаралар дер кезінде қабылданып отырды.

Бұл шаралардың сыртында «Қазтемір-

транс» АҚ вагондарының айналымын біртіндеп жоғарылату, жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен бірлесіп тұрғындар үшін жеңілдікпен берілетін көмір алатын кірме жолдардың аудитін жүргізу сынды тың міндеттер сәтімен жүзеге асырылған болатын. Сондай-ақ барлық станция басшылары бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөліміне әр тәулік сайын көмір түйіктеріндегі, қоймалар мен жылу қазандықтарындағы көмір қоры жайында кесте түріндегі есеп өткізіп отырды. Осы атқарылған жұмыстар қазіргі таңда өз жемісін беруде.

Бүгінде бөлімше бойынша қатты отын тасымалы штаттық режимде жүргізілуде. Техникалық процесс пен аймақтағы барлық көмір түйіктері ұлттық компания тарапынан құрылған мониторингтік топтың бақылауында тұр.

Суретті түсірген автор

АВТОТІРКЕГІШТІ БАҚЫЛАУ – ВАГОН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



АЙЛЫҚ



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

Бір ай көлемінде өтетін іс-шараға бөлімшеге қарасты вагон пайдалану деполарының командалық-нұсқаушы құрамы түгел тартылып, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, кедергілердің алдын алуға атсалысады. Бұл туралы Жамбыл вагон пайдалану депосында өткен жиында жан-жақты айтылды. Оған бөлімшенің барлық құрылымдарының басшылары мен жауапты мамандары қатысып, айлыққа қатысты мәселелер талқыланып, келісілді.

Жалпы қозғалыс және еңбек қауіпсіздігін сақтау үшін әр маманға үлкен жауапкершілік жүктелетіні белгілі. Алайда кей жағдайларда пойыздар құрамында жүк вагондарының автотіркеме құрылғыларының өздігінен ажырап кетуі орын алуда. Айталық, биыл автотіркеме құрылғыларының істен шығуы, яғни өздігінен ашылып кетуі 15 рет, ал былтыр 10 рет тіркелген. Жүргізілген тексеру жұмыстары оның себебі, ең алдымен



басшылық тарапынан бақылау төмен, еңбек және технологиялық тәртіптің бұзылуы, ең бастысы вагонның автотіркегіш құрылғысын қолдануда персоналдың білімсіздігі мен технологиялық процес талаптарын сақтамауы деген қорытынды шығарды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл бөлімшесі филиалы бастығының бірінші орынбасары Мақсатбек Қазақбаев өткізіліп отырған айлық, осы кемшіліктерді жоюға, сонымен қатар жалпы қозғалыс саласындағы бұзушылықтың алдын алуға бағытталғанын жеткізді. Оның айтуынша, биыл 12 қозғалыс қауіпсіздігін бұзу жағдайы тіркеліпті. Жамбыл жүк тасымалы бөлім-

шесі орын алған оқиғалар бойынша зерделеу, талдау жұмыстарын жүргізген. Соның ішінде жылдамдықты мөлшерден тыс арттыру, теміржолға шығып кеткен малды басып кету жағдайлары, стрелка бұрмаларына қатысты кейбір жайттардың себеп-салдары айқындалған. Мақсатбек Айтмұрзаұлы тепловоз және электровоз машинистері жол үстінде байқаған кедергілерді дер кезінде диспетчерге хабарлап отыруы керектігін ескертті.

«Мәселен теміржолдың белгілі бір бағыттағы жол телімінде мал басу оқиғасы тіркеледі, ал сол жолмен жарты сағат бұрын басқа электровоздың машинисі жүріп өткен. Егер ол теміржол бойында

мал жайылып жүргенін алдын ала хабарласа, келесі пойыздың машинисі үшін жайсыз жағдайдың алдын алуға мүмкіндік туады. Осындай қарапайым ескертпелер ережелерді әрбір машинист есте сақтауы тиіс. Сонда ғана біз қауіп пен қатердің алдын аламыз», – деді М.Қазақбаев.

Мақсат Айтмұрзаұлы Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде пойыздар қозғалысы кезінде жол қауіпсіздігін жақсарту және тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету бағытында қолға алынатын іс-шараларға да тоқталып өтті. Машинистер орындауы тиіс нұсқаулықтарды түсіндірді.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі басшысының орынбасары Мұхит Жолдасбаев ұлттық компанияның жұмысы жүйелі жүруі – осы саладағы әр маманның, яғни әр теміржолшының өз міндетін жауапкершілікпен орындауына тікелей байланысты екенін жеткізді. Жүк тасымалы болмаса, әр пойыз дйттеген жеріне кейбір жайттардың себеп-салдары айқындалған. Мақсатбек Айтмұрзаұлы тепловоз және электровоз машинистері жол үстінде байқаған кедергілерді дер кезінде диспетчерге хабарлап отыруы керектігін ескертті.

«Мәселен теміржолдың белгілі бір бағыттағы жол телімінде мал басу оқиғасы тіркеледі, ал сол жолмен жарты сағат бұрын басқа электровоздың машинисі жүріп өткен. Егер ол теміржол бойында

мал жайылып жүргенін алдын ала хабарласа, келесі пойыздың машинисі үшін жайсыз жағдайдың алдын алуға мүмкіндік туады. Осындай қарапайым ескертпелер ережелерді әрбір машинист есте сақтауы тиіс. Сонда ғана біз қауіп пен қатердің алдын аламыз», – деді М.Қазақбаев.

Суретті түсірген автор

ОҢТҮСТІК ФИЛИАЛДАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР



СЕРВИС

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Филиал директорының эксплуатация жөніндегі орынбасары Нұртуған Жүсіповті Алматы-2 станциясында жолықтырдық. Оңтүстік филиалында барлығы 1800 адам еңбек етсе, соның 980-і жолсеріктер екен, олар 30 бригадаға бөлініп жұмыс істейді. Осындай алып ұжымды басқарып отырған басшылардың бірі Жүсіпов бізді өндіріс орнымен таныстырып, бүгінде жасалып жатқан жұмыстар ретін баяндады. – Біздің жолсеріктер Алматы –

Маңғыстау, Алматы – Саратов, Алматы – Новосибирск, Алматы – Өскемен, Алматы – Қазан, Алматы – Сарыағаш бағыттарында жолаушылар пойыздарында халыққа қызмет көрсетеді. 121 жаңа вагон біздікі, қалған ескілерін «Вагон-сервис» АҚ-дан алып отырмыз. Келесі жылы біздің компания Оңтүстік филиалының паркін тағы да жаңартуды жоспарлап отыр. Әзірге қолдағы жаңа вагондарымыз Алматыдан Маңғыстауға және Өскеменге қатынайтын пойыздарға қойылған. Бұған дейін техникалық ақауларға және себепсіз кешігуге жол берілген



жоқ, – дейді Н. Жүсіпов.

Біз барғанда филиал вагондары ТО-2 тексеруінен, яғни

маусымдық техникалық қызмет көрсетуден шығып жатыр екен. Жалпы жолаушылар вагондары

барлық жерде бірдей жылына екі рет осы қызмет түрінен өтеді, көктемде жазға, күзде қысқа дайындық жүргізіледі. Дәл қазіргі сәтте қысқа дайындау кезінде жылыту жүйелері тазартылып, терезелері бекітіліп, қатал маусымда жұмыс істеуге сақдай сай дайындықпен жолға шығарылуда.

Филиалдың сервис бойынша сектор бастығы Гүлмира Жалелова жолсеріктердің сервистік қызмет көрсетуіне жауапты. Жолсеріктерді оқытуда тақырыптық жоспар бекітіліп, жыл бойына олар сол бойынша оқытылады. Әр бригада техникалық кабинетте өтетін сабақтарға қатысады. Жолсеріктер сонымен қатар әр рейс алдында нұсқаулықпен танысып, медициналық тексеруден, үш жыл сайын аттестациядан өтеді.

– Бүгінде баяғыдай емес, әр жолсерікке формасы өздеріне шақтап жеке тігіледі. Бірінкім бірі ауыстырып кимейді. Костюмдері екі жылдық мерзімге киюге шақталған. Іші жылы плащтарды үш жыл киеді. Шарф, қолғаппен

де компания қамтамасыз етеді. Жалпы, соңғы кезде жолсеріктер формасы, арнайы киімге қатысты мәселе жоқ. Ұлттық компания имиджіне жұмыс істейтін болған соң жолаушы халыққа жоғары сервистік қызмет көрсетіп, ал жолсеріктердің соған лайық болғанына біздің компания да мүдделі, – дейді сектор бастығы.

Оған қайтар жоңа көз жеткіздік. Оңтүстік филиалының жолсеріктері жолаушыларды жылы жүзбен қарсы алып жатты. Вагонға кіріп жайғасқан соң қандай қызмет түрлерін пайдалануға болатынын айтып, ақпарат берді. Фирмалық, жүздек пойыздарда төсек жаймасын да жолсеріктер өздері салып дайындап қояды. Тәулік бойына ыстық су, ауыз су мен техникалық су үздіксіз беріп тұрды. Жол бойына вагон іші бірнеше рет тазаланды. Кешенді тазалық жұмыстары вагондар құрастырылатын станцияда жүргізіледі екен.

Суретті түсірген Сапа САХЫНБЕК



## ВСЕ ДЛЯ РОСТА ПЕРЕВОЗОК



Ольга УШАКОВА,  
Усть-Каменогорск

По информации инженера-технолога Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмиры Капаровой, в рамках проведения четырехмесячника весь командно-инструкторский состав депо с 15 по 17 ноября 2023 года в сменах пунктов технического обслуживания контрольных постов безопасности проводят внеочередные технические занятия по методам выявления неисправностей тележек. В частности, командно-инструкторский состав ВЧД-24 проверяет качество техосмотра поездов на основных ПТО – на предмет соблюдения технологии осмотра и ремонта вагонов, обращая особое внимание на


**В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ВЧД-24) стартовал четырехмесячник «Контроль боковой рамы». Помимо этого, в период с 30 октября по 30 ноября на предприятии проводят месячник «Технический контроль подвижного состава для перевозки опасных грузов».**

состояние литых деталей тележек, ответственности их комплектации и отлитых знаков маркировки. Также в рамках «Контроля боковой рамы» установлена ежесменная проверка проведения всего комплекса работ неразрушающего контроля деталей тележек на ремонтных предприятиях. Установка литых деталей грузовых вагонов без условного номера их производителя запрещена.

Во время месячника по техническому контролю подвижного состава, перевозящего опасные грузы, начальники ПТО, старшие осмотрщики вагонов линейных ПТО, КТПО проводят ежесменные внеплановые и предсменные инструктажи с причастными работниками депо по обеспечению контроля за техническим состоянием вагонов в проходящих поездах.

По данным Эльмиры Капаровой, также с причастными работниками проводят внеплановые техзанятия по теме «Правила организации работы по устранению течи опасных грузов из вагона-цистерны в составе поезда в пути следования». Ранее план мероприятий на период проводимого месячника разослали на все линейные предприятия. Согласно приказу начальника Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Марата Кыдырханова, на предприятии разработали график круглосуточного дежурства командно-инструкторского состава, график внезапных проверок качества подготовки, готовых к отправлению поездов по линейным подразделениям ВЧД-24. Таких проверок должно быть не меньше, чем по две дневных и ночных.

## К СТУЖЕ И СНЕГОПАДАМ ГОТОВЫ



ПОДГОТОВКА  
К ЗИМЕ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,  
Астана

Сотрудники компании выполнили все 10 мероприятий согласно «Плана по подготовке хозяйств и кадров Общества к работе в зимний период 2023-2024 гг.». В частности, проведена ревизия газовых котлов, дымоходов, газовых счетчиков и корректоров газа, выполнены работы по промывке и опрессовке систем отопления зданий. Вместе с тем, полностью обеспечена потребность сотрудников в зимней спецодежде и обуви – было закуплено порядка 3 289 единиц новых комплектов спецодежды.

Традиционно, особое внимание уделя-

**С приходом холодов готовность объектов АО «Кедентранссервис» к бесперебойному функционированию в зимний период составляет 100%.**



личная ответственность каждого работника позволяют обеспечить бесперебойную работу при любых температурных условиях в целях предоставления клиентам и партнерам качественного сервиса.

Фото автора

## Учения

### ЗАЩИТИТЬСЯ ОТ КАРАНТИНА

**На железнодорожном вокзале Караганды прошли учения по отработке взаимодействия при выявлении больного с подозрением на особо опасную инфекцию.**

Светлана МОГАЙ,  
Караганда

В учении приняли участие работники департамента санитарно-эпидемиологического контроля Карагандинской области, управления здравоохранения, Карагандинского отделения ГП, сотрудники железнодорожного вокзала, медпункта и охраны.

– По легенде учения в утреннее время в медицинский пункт железнодорожного вокзала об-

ратился пассажир с жалобами на сильную головную боль, а также боль в груди, горле, кашель, заложенность носа, озноб и одышку. Медицинский работник измерил температуру тела больного бесконтактным термометром, который показал повышение до 38,8°С, – рассказывает руководитель Карагандинского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Амангельды Сагимбеков. – При опросе



было установлено, что мужчине 32 года. Он является индивидуальным предпринимателем. Неделю назад вернулся из Майами, где провел отдых. В последние 2-3 дня чувствовал небольшое недомогание, слабость, озноб, боли в мышцах. При этом температуру не измерял, к врачу не обращался.

Пассажир прибыл на вокзал

на такси, прошел через главный вход, остановился в зале ожидания на первом этаже. Мужчина ожидал пассажирский поезд № 327 для поездки в город Костанай. Учитывая симптомы болезни и рост заболеваемости COVID-19 в США, у больного подозревается коронавирусная инфекция или лихорадка неясной этиологии.

В ходе учения больной был помещен в изолятор, а между задействованными службами передано сообщение согласно схеме оповещения. Далее работниками были проведены мероприятия по обработке помещения вокзала, а больной на специальных носилках передан бригаде скорой медицинской помощи.

В целом, все подразделения справились с поставленными задачами и получили оценку «хорошо».

Фото автора

## ПОД ЗНАКОМ ЖАРА И ЛИХОРАДКИ

**На станцию Уральск прибыл пассажирский поезд №7 сообщением «Алматы-Саратов». В вагоне №10 находится пассажир с подозрением на особо опасную инфекцию.**

Анна ПАНИЩЕВА,  
Уральск

С такой легендой на станции Уральск прошли тренировочные учения по отработке порядка взаимодействия служб и ведомств Западно-Казахстанской области на случай выявления больного с подозрением завоза и распространения особо опасных инфекций и других высококонтагиозных инфекционных заболеваний.

Согласно алгоритму, предварительно проработанному на семинарах, проводники пассажирского вагона провели все необходимые мероприятия: ограничили передвижение пассажиров, закрыли вход-выходы вагона, выделили для больного отдельное купе, сообщили бригадиру поезда и так далее. В таких ситуациях именно на проводников ложится большая ответственность, ведь они должны не только своевременно оказывать помощь заболевшему пассажиру, но и пресечь пути распространения инфекции.

На ближайшей к прибытию поезда станции пациента с инфекцией неясной этиологии уже во всеоружии ждали сотрудники санэпидконтроля на транспорте.

После тщательного осмотра и постановки предварительного диагноза с подозрением на особо опасную инфекцию пациентку передали бригаде «Скорой помощи» для срочной госпитализации. Далее в дело вступили работники Центра дезинфекции по ЗКО с тотальной дезинфекцией вагона.

Данный алгоритм в очередной раз успешно отработан на перроне Уральского железнодорожного вокзала всеми причастными службами. В них приняли участие работники филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону, Уральский участок Вокзального хозяйства филиала Актобинского отделения магистральной сети, Уральские участки РФ «Западный» АО «Пассажирские перевозки», ТОО «Сары Арка компани» и ТОО «Тенгри Экспресс».

– Ситуация по особо опасным и карантин-



ным инфекциям в ЗКО и в целом по стране считается стабильной, однако риск сохраняется. В этой связи, согласно утвержденным комплексным планам, ежегодно проводятся тренировочные учения по отработке порядка взаимодействия служб и ведомств по проведению противозoonемических и профилактических мероприятий, – пояснил руководитель Уральского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Айткали Батыров. – Тренировочные учения прошли на высоком уровне, все причастные организации показали свои знания и навыки, поставленные цели и задачи достигнуты, – резюмировал он.

Фото автора

## АУДИТ ПОДТВЕРДИЛ КАЧЕСТВО

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана



АКТУАЛЬНО

**В АО «НК «КТЖ» успешно завершился ресертификационный аудит интегрированной системы менеджмента на соответствие требованиям международных стандартов.**



Аудит проходил с 13 по 17 ноября 2023 года. На заключительном брифинге аудиторы сертификационного органа высоко оценили работу компании, поблагодарили руководство и работников за тщательную подготовку к аудиту, профессиональный подход к работе, оперативность взаимодействия с командой аудиторов, а также особо подчеркнули важность проводимого в компании менеджмента.

Согласно заключению аудиторов ТОО «TUV Thuringen Kazakhstan» интегрированная система менеджмента АО «НК «КТЖ» полностью соответствует требованиям международных стандартов ISO 9001 (менеджмент качества), ISO 14001 (экологический менеджмент), ISO 45001 (менеджмент охраны здоровья и безопасности труда), ISO 50001 (энергоменеджмент).

Фото автора

## БЕЙСЕН ЕСІМҰЛЫ ШОРМАҚОВ

Ұзаққа созылған ауыр науқастан «КТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңес мүшесі, Құрметті теміржолшы Бейсен Есімұлы Шормақов қайтыс болды. Б. Шормақов 1938 жылы 7 ақпанда Отар станциясында дүниеге келген. Ташкент темір жол көлігі инженерлері институтын Темір жолдарды пайдалану мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1961 жылы Алматы-1 станциясында кезекші болып бастаған. Маневр диспетчері, Алматы темір жолы бөлімшесінде пойыз диспетчері болып бірнеше жыл тәжірибе жинаған соң Қазақ темір жолының Қозғалыс қызметіне ауысып, 1967-1977 жылдар аралығында бөлім бастығының орынбасарына дейінгі жолдан өтті.

Сексенінші жылдары Алматы темір жолы бастығының орынбасары – Қозғалыс қызметінің бастығы болды. Ал 1982-86 жылдары Алматы-1 және Алматы-2 станцияларын басқарды. Тоқсаныншы жылдары Алматы темір жолы Тасымалдау қызметі бастығының орынбасары болып тағайындалды. Бірнеше жыл жаңадан құрылған ҚР Көлік министрлігінің Темір жол департаментінде қызмет етті. «Қазақстан темір жолы» РМҚ құрылған соң Тасымалдау басқармасында түрлі лауазымды қызметтер атқарып, зейнетке шықты.

Бейсен Есімұлы зейнетке шыққан соң да ұзақ жыл Теміржолшылардың орталық музейінің директоры болды. Шойынжол тарихы мен жәдігерлерін жинақтап, ұрпақ игілігі үшін тер төкті. Сонымен қатар аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде белсенді еңбек етіп, өмірінің соңына дейін сала қызметіне адалдығынан айныған жоқ.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы мен ұжымы Бейсен Есімұлының дүниеден озуына байланысты оның туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтып, қайғысына ортақтасады. Ардагердің жарқын бейнесі теміржолшылар жадында ұзақ сақталады.

Консультативный совет АО «НК «КТЖ» и Центральный совет ветеранов железнодорожников глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования родным и близким в связи с невосполнимой утратой – уходом из жизни Почетного железнодорожника, члена Консультативного совета и члена регионального совета ветеранов филиала АО «НК «КТЖ» – «Алматинское отделение магистральной сети»

**Шормакова Бейсена Есимовича.**

Бейсен Есимович останется в нашей памяти мудрым наставником всегда готовым прийти на помощь в любой ситуации, память о нем навсегда останется в наших сердцах.

Консультативный совет АО «НК «КТЖ» и Центральный совет ветеранов железнодорожников: К. Самбетов, Б. Дуйсемалиев, К. Котырев, А. Стародуб, Е. Рахметжанов, Б. Жунусов, Б. Исианаманов, А. Степура, М. Хамзин, К. Таласпеков, К. Альсеитов, А. Сельбаев, П. Синица.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесі «КТЖ»ҰК» АҚ Консультативтік кеңес мүшесі, Құрметті теміржолшы **Бейсен Есімұлы Шормақовтың** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Руководство Алматинского отделения ГП, профсоюзная организация и региональный совет ветеранов выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким в связи с кончиной члена Консультативного совета АО«НК«КТЖ», Почетного железнодорожника»

**Шормакова Бейсена Есимовича.**



«БІЛІМ ЭКСПРЕСІ» ЖОБАСЫ – АТЫРАУДА

Өткен аптаның соңында Атырауда компания қызметкерлерін жан-жақты оқыту, білімі мен біліктілігін көтеру мақсатында ішкі тренерлердің ұйымдастыруымен «Білім экспресі» семинар-тренингі өтті. Екі күндік оқуға Атырау қосалқы бөлімі мен магистральдық желі бөлімшесінен 100 теміржолшы қатысты.



Оқытушылар құрамын компанияның адами ресурстарды басқару жөніндегі HR бизнес серіктесі Алма Сәулебаева бастаған Бекзат Кәрімханов, Гүлмира Шартаева, Рамиля Нұржауова сынды білікті тренерлер құрады. «Клиентке бағдарлану», «Эмоционалды интеллект», «Тиймді коммуникациялар» және «Кикілжінді басқару» тақырыптары бойынша оқыту іс-шаралары ұйымдастырылған шара мейлінше қызықты әрі тартысты түрде өрбіді. Қатысушылар өзара бірнеше топқа бөлініп, тренерлер берген тапсырмаларды орындап, ой-пікір алмасты. Сонымен қатар жұмыс барысындағы түрлі күрделі

жағдайлар кезінде кикілжіннен шығу, конструктивті диалог құру бойынша мысалдар келтіріліп, сұрақ-жауап арқылы талқыланды. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Семей ЖТ бөлімшесінің қауіпсіздік және еңбек қорғау жөніндегі жетекші инженері Бекзат Кәрімхановтың айтуынша, тренинг мақсаты – ең алдымен қозғалыс қауіпсіздігін сақтау үшін қажетті дағдыларды шыңдау. «Психологиялық күйзеліске төзімділік» тақырыбында өткізген тренингте ол жұмыстың қандай ма бір оңай не қиындығына қарамастан психологиялық қарсы тұруды үйретуді мақсат тұтыпты. Яғни күйзеліс (стресс) дегеніміз

не, оның белгілері, ол неден пайда болады, стрестің түрлері мен сатылары, себептері сынды жан-жақты қырынан түсіндіріп, оны нақты мысалдар арқылы айтып, бейнежазбалар арқылы көрсетіп, ақырында онымен қалай күресу керек, болдырмау үшін не істеу керектігін егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. – Ұлттық компанияның «Білім экспресі» деген жобасын жүзеге асыру мақсатында біз барлық өңірлерді аралап, теміржолшы мамандарға оқыту іс-шарасын өткізіп жүрміз. Мақсатымыз – сала қызметкерлерін негізгі нақты біліміне қоса осындай

«жеңіл» біліммен сусындату, яғни адами қарым-қатынасты жақсарту, күйзеліске төтеп беру, оқыс жағдайларда шұғыл әрекет ету сияқты өндіріске, күнделікті жұмыс барысында аса қажетті дағдыларды үйрету. Себебі өмірде де, жұмыста да біздің әрбір сөзіміз бен әрекетімізден өзара қарым-қатынасымыз құралады. Соның бәрі өмір сапасына, еңбек тиімділігіне әсер етеді, – дейді тренер-мамандар.

– Мұндай оқулардың жиі болып тұрғанын қалаймыз. Әсіресе клиенттермен жұмыс істеген кезде кикілжін туа қалса, бұл тығырықтан қалай жылдам шығу қажеттігі, сонымен қатар күйзеліске түспеу, одан тез шығу, коммуникациялық қабілетті дамыту, яғни кері байланысқа шыға білу, эмоцияны тежей білу сынды дағдыларды үйрендік. Станция, дистанция, депо басшылары, инженерлер, басқа да мамандар өздеріне қажетті әрі маңызды көп мағлұмат алып, оны жұмыста және өмірде қолданып жүреді деп ойлаймын, – дейді Атырау қосалқы бөлімінің бас инженері Бауыржан Картан.

Семинар-тренинг соңында барлық қатысушыларға сертификаттар берілді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау  
Суретті түсірген автор

ДОРОГИ СТАЛЬНЫЕ, ЛЮДИ – ЗОЛОТЫЕ!

На станции Мойынты железнодорожники Карагандинского узла совместно с ветеранами торжественно установили мемориальную доску в честь 70-летия со дня ввода в эксплуатацию железнодорожного участка Мойынты – Шу.



На сегодняшний день станция Мойынты работает в трех нап-равлениях. Если в 80-х годах про-пускная способность составляла около 70 пар поездов, то сегодня в среднем в сутки - 301 поезд. Для того чтобы станция использовала весь свой потенциал необходимо в Северном парке осуществить дополнительное строительство четырех путей. Буквально через пару лет увеличится пропуск кон-тейнерных перевозок на участке Достык-Мойынты с 13 до 38 пар. Кроме того, запланировано строи-тельство участка Мойынты-Кызыл-жар в однопутном направлении с целью пропуска 24 пар поездов. Об этом сообщил на праздновании 70-летия участка Мойынты – Шу директор Карагандинского филиала ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» Марат Ибраев.

С его слов в настоящее время здесь расположены 17 раздельных пунктов, из них одна грузовая – Мынарал, три участковых – Сары-шаган, Шыганак, Шу, и тринадцать промежуточных станций. При этом 11 находятся на территории Жам-былской области и обслуживают 2 района: Мойынкумский и Шуский. Шесть находятся на территории Карагандинской области и об-служивают Актогайский район.

– В среднем в сутки по участку Шу-Мойынты пропускаются – 20-22 пары пассажирских поездов и

40 пар грузовых поездов общим грузооборотом 57 600 тонн. На участке имеются вокзалы с обслу-живанием пассажиров и продажей проездных билетов на станциях Шыганак и Сарышаган, – говорит Марат Ибраев. – История успеха линии Шу – Мойынты напрямую связана с людьми, которые ра-ботали на стальной магистрали. Многим известны трудовые желе-знодорожные династии Ахметовых, Сарсенбековых, Ахметбековых, Абжалиевых, Есимбековых и других.

Строительство железнодорожной линии Мойынты – Шу одновремен-но стартовало с двух сторон: со станции Мойынты Карагандинской железной дороги и со станции Шу Туркестано-Сибирской железной дороги. Завершилось оно в 1953 году. Стальная магистраль соеди-нила север и юг страны, сыграла значительную роль в укреплении экономики республики. На всем протяжении дороги было построено несколько станций, депо. Наряду с вокзалами, пассажирскими платформами, возведены необхо-димые для жителей социальные объекты. Строительство ветки Мойынты — Шу объявили народ-ным. В нем приняли участие две тысячи человек из 12 областей республики.

Светлана МОГАЙ, Караганда  
Фото автора

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАДЫ

Семей станциясында өткен так-тикалық жаттығуда жергілікті теміржолшылар қауіпті жүк та-сымалдауда кәсіби біліктіліктерін шыңдап, тосын жағдай кезінде әрекет ету шарттарын пысықтады.

Қауіпті жүктер та-сымалы қашан да қырағы назарда бо-лады. Өйткені, аты айтып тұрғандай, қауіпті жүктен қатер көп. Сондықтан жүк станциялары қызмет-керлері қауіпсіздік талаптарын барын-ша сақтау міндет. Жуырда семейлік теміржолшылар тораптық Семей станция-сында төтенше жағдайлар департаменті қы-зметкерлерімен бірлескен түрде тактикалық жаттығу жұмыстарын өткізді. Аталмыш шараға станция қызметкерлері мен төтеншеліктер ғана емес, жедел жәрдем дәрігерлері мен тәртіп сақшылары да қатысты.



Оқиға шартты түрде өрбіді. Атап айтсақ, вагон қараушы келіп тоқтаған вагондарды тексеру барысында төгілген күкірт қышқылына ұланады. Бұл жайтты оператор бірден дис-петчерлерге хабарлайды. Олар өз кезегінде бөлімше басшылығы мен құтқару қызмет-теріне қоңырау шалып, оқиға орны жылдам оқшауланады.

Тосын жағдай барысындағы бірінші талап зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету еді. Шамалы минуттар ішінде келіп жеткен жедел жәрдем вагон қараушысына реанимациялық іс-шаралар жүргізіп, станцияда тыныс алдыру аппаратына қосып үлгерді.

Жаттығудың екінші талабы – адамдар мен экологияға төнген қауіпті жылдам сейілтп, апаттың алдын алу, ақауы бар вагонды оқ-шаулау. Ал осы уақыт ішінде станция басына келіп жеткен төтеншеліктер улы зат төгілген вагонды залалсыздандыру жұмыстарын бастап кеткен болатын.

Осылайша, шамалы уақыт ішінде теміржол-шылардың күшімен қоршаған ортаға төнген қауіп толықтай сейілді. Адам шығынына жол берілмеді.

Тактикалық жаттығу барысында тәжірибе көрсеткендей, бірінші кезекте станция диспет-черлеріне үлкен жауапкершілік жүктелетіні анықталды. Бұл ретте олар оқиға басталған сәттен бастап әр істің уақытын белгілеп, ширақ қимылдады. Мұндай даярлық іс-ша-ралары станция басында кез келген уақытта орын алуы мүмкін апаттың ауыр салдарының алдын алып, желі бойындағы қауіпсіздік та-лаптарының сақталуына ықпал етері анық.

Абай ЕРТІС, Семей  
Суретті түсірген автор

МЕДПОЕЗД: ПОЗАДИ БОЛЕЕ 100 СТАНЦИЙ

С начала старта проекта медицинского поезда «Саламатты Қа-зақстан» в этом году специалисты «поликлинки на рельсах» осмотрели жителей более 100 станций. При этом обследовано более 76 тысяч жителей, в том числе детей – более 16 тысяч. Всего проведено консультаций профильных специалистов – бо-лее 150 тысяч, малых хирургических операций – около 9 тысяч.

Вчера, 20 ноября медицинский поезд «Саламатты Қазақстан» прибыл в Жам-былскую область, где будет принимать жителей 8 станций. Так, медпоезд с не-терпением ожидает жители маленьких станций области - Рзд. Тамды (20-21.11), Хантау (22-23.11), Шыганак (23.11), Мынарал (25-27.11), Каражингил (28-29.11), Еспе (30.11-01.12), Шокпар

(01-03.12), Бел (03-05.12).

Напомним, данный социальный проект реализуется Фондом развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» от имени группы компаний АО «Samruk-Kazyna», при участии Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политики при Президенте РК.

Асель ШАЙХЫНОВА

Спорт

Павлодарские желе-знодорожники приняли участие в турнирах по дартсу и волейболу. Игры получились зрелищными и богатыми на эмоции.



НЕДЕЛЯ ТУРНИРОВ

Все больше сотрудников павлодарской стальной магистрали начали увлекаться дартсом. Среди работников есть и свои лидеры. Данный вид спорта набирает популярность. В итоге первое место занял железнодорожник станции Павлодар Алдияр Касен, второе у работница ЭЧ-13 Вячеслава Горячева, тройку победителей замкнул сотрудник ЛЧВДР-18 Дархан Жакупбеков.

Турнир по волейболу организовали председатели профсоюзных комитетов Татьяна Стасевская, Назерке Тоғанбекова и Гульнара Баженова. В товарищеской встрече приняли участие три команды: ПЧ-32, ШЧ-24 и станция Павлодар. По-бедителем турнира стала сборная ПЧ-32.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар  
Фото автора

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Шалқар станциясында кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен во-лейболдан жарыс өтті. Салауатты өмір салтын насихаттаған спорттық шараға барлық мекеме қызметкерлері атсалысты.



Өткен жексенбі, 19 қараша күні өткен жолдастық кездесуге жалпы саны 60 адам өтініш беріп, олар алты командаға бөлінді. Жарыс өте тартысты да қызықты өтіп, ше-бер ойын болды. Танертеннен түс аутанша созылған жарыстың қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 1-орынды ШЧ-3 командасы еншілесе, 2-орынды ВД-1 командасына бұйырды. Ал 3-орын ТЖ-КО қызметкерлері иеленді.

«Шара еліміздің Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды. Қызметкерлер арасында мұндай шаралар тұрақты ұйымдастырылып

тұрады. Жарыста командалар жақсы ойын өрнегін көрсетуге тырысып бақты. Оның үстіне спорттың бұл түрі аймақта кең тараған. Ұжым мүшелерінің көпшілігі – жастайынан волейбол ойнап, түрлі деңгейдегі турнирлерде жұлде алғандар. Жарыстың тартысты да қызықты әрі шебер өтуі бекер емес», – деді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан. Жолдастық кездесудің соңында жеңімпаз командалар марапат-талып, мерейі үстем болды.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе  
Суретті түсірген автор

ВСЕМ – РАВНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Сегодня гендерное равенство и расширение прав и возмож-ностей женщин являются од-ними из главных принципов в деятельности компании. Один из ярких примеров директор Костанайского филиала АО «Казтемиртранс» Роза Ибраева.



Вопрос о выборе карьерной стези перед ней не стоял: она из семьи потомственных железнодоро-рожников, ее отец отдал работе на дороге 33 года своей жизни – сразу, как пришел с Великой Отечественной, в которой он пошел до Кенигсберга. Мать тоже железнодорожница, и поэтому, же пути пошли и трое ее старших братьев и две младшие сестры. Так, что эту железнодорожную династию в Костанайском отделе-нии знают хорошо.

Сама Роза Ибраева, начав тру-довой путь в 22 года, сразу заре-комендовала себя энергичной, целеустремленной, и главное – профессиональным специалистом. Да таким, что уже через три года ее назначили начальником станции Кушмурун, которой она успешно руководила в течение десяти лет. Затем девушку заметили в Костанайском отделении дороги, и назначили начальником отдела погрузки-выгрузки, а временами ей приходилось исполнять и обя-занности заместителя директора отделения по погрузке – это очень «мужская», как считалось тогда, должность, но она с ней успешно справлялась. Наконец, в 2012-м она

перешла на работу в Костанайский филиала АО «Казтемиртранс», а с 2013 года по сегодняшний день успешно его возглавляет.

В чем секрет ее успеха? По ее словам, главное быть профес-сионалом своего дела и хорошо разбираться во всех вопросах. Это она очередной раз доказала на своем примере. Ведь, на ее хрупких плечах много лет лежала судьба станции, а теперь и целого предприятия.

– Если женщина деловая, хват-кая, грамотная, тогда она может добиться успеха и в компании, и в жизни. Я считаю, нужно больше доверять женщинам ответствен-ных должностей. Ведь женщины более ответственные, менее подвержены коррупции, они всегда думают о своей семье и детях, и о последствиях своих действий. Меня радует, что сегодня у нас на железной дороге трудится очень много женщин-профессионалов своего дела, и, если им распахнуть шире двери, это пойдет только на благо компании, – говорит Роза Ибраева

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай  
Фото автора



ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



ҚАЗКОЛІККӘСІП

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол»,

автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Маңғыстау: Светлана Могой 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
Асель Распаева,  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.